

Атқарушылық санкция ретінде түскен ақша қаражатын пайдалану тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 3 тамыз N 732. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.07. N 708 қаулысымен. ~P990708

"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының
Z980253_

77-бабының

3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Атқарушылық санкция ретінде түскен ақша қаражатын пайдалану тәртібі туралы ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 3 шілдедегі

N 732 қаулысымен

бекітілген

Атқарушылық санкция ретінде түскен ақша қаражатын
пайдалану тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже аумақтық әділет органдарының (әділет басқармасының) бюджеттен тыс шотына атқарушылық санкция ретінде түскен ақша қаражатын бөлу және пайдалану тәртібін реттейді.

2. Атқарушылық санкция борышкерден (жеке немесе заңды тұлғадан) атқару құжаты нақты атқарылған кезде "Атқарушылық іс жүргізу және сот

орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 77-бабының 1-тармағында көзделген мөлшерде ақша сомасы түрінде өндіріп алынады.

3. Борышкерден атқарушылық санкцияны өндіріп алу туралы сот

орындаушысы қаулы шығарады, онда:

атқарушылық санкцияның қай атқарушылық іс жүргізу бойынша өндіріліп отырғаны;

борышкер-жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы немесе борышкер-заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері, банктік деректемелері;

атқару құжатының нақты орындалған күні;

атқару құжаты бойынша өндіріліп алынған сома немесе орындау нысанасы;

атқарушылық санкцияның сомасы;

аумақтық әділет органының (әділет басқармасының) бюджеттен тыс шоты, оның банктік деректемелері көрсетіледі.

4. Атқарушылық санкция мынадай қорларды құруға пайдаланылады:

Өндірістік және әлеуметтік дамыту қоры, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық бағыныстағы ұйымдарын материалдық көтермелеу қоры және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің орталықтандырылған қоры.

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ведомстволық бағыныстағы ұйымдарын өндірістік және әлеуметтік дамыту қоры атқарушылық санкция ретінде түскен сомалардың отыз бес проценті мөлшерінде құрылады.

Осы Қордың қаражаты:

техникамен қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны қайта жаңарту және кеңейту жөніндегі шығындарды қаржыландыруға;

жаңа ғимараттарды, құрылғыларды, тұрғын үйлерді салу және қолда бар үй-жайларды орналастыру мен қайта жабдықтау жөніндегі шығындарды қаржыландыруға;

пәтерлерді, автокөліктерді, жабдықтарды, ұйымдастыру-техникалық және арнайы құралдарды, сондай-ақ басқа да материалдық құралдарды сатып алуға;

банк берген ұзақ мерзімді несиелерді өтеуге және осы несиелер бойынша өсім төлеуге;

кадр даярлауға;
әлеуметтік-мәдени саланың материалдық базасын нығайтуға және оның объектілерін күтіп-ұстауға, сауықтыру шараларын жүргізуге, асханада тамақтандыруды арзандатуға;

санаторий-курорттық жолдамаларға олардың құнының мөлшерінде ақы төлеуге;

басқа да өндірістік және әлеуметтік мұқтаждарды қаржыландыруға пайдаланылуы мүмкін.

2) Материалдық көтермелеу қоры атқарушылық санкция ретінде алынған соманың отыз проценті мөлшерінде құрылады.

Материалдық көтермелеу қорының қаражаты сыйлық, үстеме ақы, еңбегі үшін басқа да сыйақылар төлеуге, сондай-ақ материалдық жәрдемге, бір жолғы шарттар бойынша жұмысқа тартылған адамдардың еңбегіне ақы төлеуге жұмсалады.

Үстеме ақылар мен қосымша ақыларды бөлуді, олардың мөлшерін белгілеудің, олардан толығымен және ішінара айыруды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жүйесі ұйымдары басшыларының ұсынуы бойынша әділет басқармасының тиісті қызметі жүзеге асырады және облыстық және оған теңестірілген әділет басқармасының бастығы бекітеді.

Әділет басқармасының бастығы әр қызметкерге еңбегі үшін төленетін сыйлықтардың, үстеме ақылар мен өзге де сыйақылардың сомасын өзгертуге және оны түпкілікті түрде бекітуге құқылы.

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің орталықтандырылған қоры атқарушылық санкция ретінде алынған соманың отыз бес проценті мөлшерінде құрылады.

Осы Қордың қаражаты:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігін, облыстық соттарды материалдық-техникалық қамтамасыз етуге;

ғимараттар салу және оларды жөндеу жөніндегі шығындарды қаржыландыруға;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің орталық аппаратының қызметкерлерін материалдық көтермелеуге, сондай-ақ Әділет министрі мен оның орнындағы адамның өкімі бойынша өзге де мақсаттарға жұмсалуды мүмкін.

5. Атқарушылық санкция ретінде түскен ақша сомаларын осы Ереженің 4-тармағында көрсетілгеннен басқа мақсаттарға пайдалануға жол беріледі.